

Директорлар кеңесі жыл сайын ішкі аудит қызметінің тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарын, сондай-ақ ішкі аудит қызметі мен оның басшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітеді. Ішкі аудит қызметінің есебі тоқсан және жыл сайын Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде қолданыстағы халықаралық кәсіби стандарттарын және Халықаралық ішкі аудиторлар институты қабылдаған этика кодексін ескереді. Сонымен бірге өз жұмысында Қоғамда бекітілген ішкі аудит жөніндегі жергілікті нормативтік

актілерді басшылыққа алады. 2023 жылы ішкі аудит қызметі 10 жоспарлы аудиторлық тапсырманы орындады. Тексерулердің нәтижелері бойынша ішкі аудит қызметі анықталған ереже бұзушылықтар мен сәйкессіздіктердің себептерін жоюға, ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсыныстар мен түсініктемелер берді. Аудит объектісінің басшылығы Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарындағы барлық түзету және алдын алу іс-қимылдарын өзара келіскен жоспарға сәйкес орындауға міндетті.

## БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы қызметін Басқарма төрағасы басқаратын алқалы орган жүзеге асырады. Басқарма қызметі жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауға, Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегиясын іске асыруға бағытталған. Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі Қоғам Басқармасы туралы ережемен айқындалады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: әділдік, адалдық, парасаттылық, сақтық, жүйелілік. Басқарма тұрақты отырыстарды күндізгі дауыс беру нысанында өткізеді. Басқарма жанында 4 комитет жұмыс істейді: Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті, Инвестициялық комитет, Тәуекелдерді басқару комитеті, Тұрақты даму комитеті.

2023 жылы басқарма құрамында келесі өзгерістер болды:

- 2023 жылғы 10 ақпанда Директорлар кеңесінің № 184 шешімімен Басқарма төрағасының

экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Б.А. Мукушев Басқарма мүшесі болып сайланды.

- 2023 жылғы 2 мамырда Директорлар кеңесінің № 187 шешімімен Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары Д.Т. Сейтбеков және Басқарма төрағасының ұлттық жоба және өңірлік даму жөніндегі орынбасары А. Саттаров Басқарма мүшелері болып сайланды.
- 2023 жылғы 4 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесінің № 196 шешімімен Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі Д.Т. Сейтбековтың өкілеттігі және ортадағы еңбек қатынасы мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- 2023 жылғы 25 желтоқсанда Директорлар кеңесінің № 197 шешімімен Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары Б. Н. Булатбеков Басқарма мүшесі болып сайланды.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ (2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



### АЙМАНБЕТОВ МАУЛЕН ЗАРЛЫКОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасы

Туған күні, айы, жылы: 28.01.1966

Туған жері: ҚазКСР, Алма-Ата қ.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғаш рет сайланған күні: 5 мамыр 2023 жыл

Директорлар кеңесі құрамына қайта сайланған күні: 6 наурыз 2024 жыл

Білімі:

- 1983-1990 жж. – Өскемен құрылыс-жол институты, Алматы жалпы техникалық факультеті, автомобиль жолдарының инженер-құрылысшысы;
- 2000–2002 жж. – Қазақ ұлттық аграрлық университеті, ғалым агроном;
- 2000–2002 жж. – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, экономист;
- 2011–2013 жж. – «Халықаралық бизнес академиясы» МЕМ (модульдік оқыту), менеджмент, Іскерлік әкімшілендіру магистрі.

Соңғы 5 жылда атқарған қызметі және орны:

- 2022 жылғы 2 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2020 ж. қыркүйек – 2022 ж. наурыз – Шымкент қаласы әкімінің орынбасары, құрылыс, энергетика және инфрақұрылымдық даму, сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары, жайлы қалалық ортаны дамыту басқармаларының және төтенше жағдайлар департаментінің жетекшілігі;
- 2014 ж. маусым – 2020 ж. қыркүйек – Қазақстан Республикасы Президентінің істер басқармасының күрделі құрылыс бөлімінің меңгерушісі. Қазақстан Республикасы Президентінің істер басқармасының объектілерін жобалау және салу және теңгерімге беру.

Қосымша ақпарат:

«Құрмет» ордені (2017 ж.); «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.) мерейтойлық медалі; «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» (2021 ж.) мерейтойлық медалі.

Қосымша атқаратын қызметі немесе өзге ұйымға мүшелік етуі:

«Объектілерді салу жөніндегі компания» корпоративтік қоры – 2022 жылғы 22 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

Қоғамның, бәсекелестері не серіктестерінің акцияларына иелік етпейді.



## МАЛҒАЗДАРОВ ҒАБИТ ТІЛЕУКЕНҰЛЫ

Басқарма төрағасының бірінші орынбасары –  
Басқарма мүшесі

Туған күні, айы, жылы: 26.05.1975

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күн: 1 желтоқсан  
2022 ж.

### Білімі:

- 1992-1997 жж. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, көтергіш-көлік, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтары, инженер-механик мамандығы;
- 2003–2005 жж. – Қазақ гуманитарлық-заң университеті, Халықаралық құқық – бакалавр.

### Соңғы 5 жылда атқарған қызметі және орны:

- 2023 жылғы қазаннан қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары - Басқарма мүшесі;
- 2022 жылғы желтоқсаннан 2023 жылғы қазанға дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасының активтерді салу және пайдалану жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі;
- 2022 ж. қазан-қараша – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ активтерін салу және пайдалану жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары;
- 2022 ж. шілде-қазан – «Integra construction KZ» ЖШС жоба жетекшісі;
- 2018 ж. қаңтар – 2022 ж. сәуір – Қазақстан Республикасы Президенті істерінің басқармасы ведомстволық бағынысты ұйымдарын басқару бөлімінің меңгерушісі.

Қоғамның, бәсекелестері мен серіктестерінің акцияларына иелік етпейді.



## МУКУШЕВ БОЛАТ АСКАРБЕКОВИЧ

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі

Туған күні, айы, жылы: 05.09.1981

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күн: 10 ақпан 2023 ж.

### Білімі:

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, «Шет тілі» қосымша мамандығы бар қаржы және несие (1998-2003) – бакалавр.

### Соңғы 5 жылда атқарған қызметі және орны:

- 2023 жылғы 6 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі;
- 2019 ж. ақпан – 2022 ж. желтоқсан – «Астана-Энергия» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
- Сәуір-қараша 2018 ж. – «Электрондық коммерция орталығы» АҚ өндірісті қамтамасыз ету департаментінің директоры.

Қоғамның, бәсекелестері мен серіктестерінің акцияларына иелік етпейді.



## САТТАРОВ АМАНГЕЛЬДЫ СЕРИКОВИЧ

Басқарма төрағасының ұлттық жоба және өңірлік даму жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі

Туған күні, айы, жылы: 14.02.1982

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күн: 2 мамыр 2023 ж.

### Білімі:

- 2003 жыл – Еуразиялық нарық институты;
- 2010 жыл – Еуразия гуманитарлық институты;
- 2016 жыл – Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті.

### Соңғы 5 жылда атқарған қызметі және орны:

- 2023 жылғы 2 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Samruk – Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасының ұлттық жоба және өңірлік даму жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі;
- 2023 ж. ақпан-мамыр – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасының ұлттық жоба және өңірлік даму жөніндегі орынбасары;
- 2020 ж. қараша – 2023 ж. ақпан – «Нұр-сұлтан қаласының құрылыс басқармасы» ММ басшысының орынбасары;
- Маусым-қараша 2020 ж. – «Нұр-сұлтан қаласының құрылыс басқармасы» ММ басшысының орынбасарының м.а.;
- 2019 ж. мамыр – 2020 ж. 22 маусым – «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ қала құрылысы департаментінің директоры, Нұр-сұлтан қ.;
- Наурыз-мамыр 2019 ж. – «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ сатып алу департаментінің және МТО директоры, Нұр-сұлтан қ.

Қоғамның, бәсекелестері мен серіктестерінің акцияларына иелік етпейді.



## БУЛАТБЕКОВ БОРАНБАЙ НЫГМЕТУЛЫ

Пайдалану жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі

Туған күні, айы, жылы: 08.01.1964

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күн: 26 желтоқсан  
2023 ж.

### Білімі:

- 1987 ж. – Целиноград инженерлік-құрылыс институты;
- 2011 ж. – Қазақ технология және бизнес университеті.

### Соңғы 5 жылда атқарған қызметі және орны:

- 2023 желтоқсаннан 2024 сәуірге дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі;
- 2022 ж. желтоқсан – 2023 ж. желтоқсан – Шымкент қ. Тұран ауданының әкімі;
- 2021 ж. ақпан – 2022 ж. желтоқсан – «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» ММ басшысы;
- 2020 ж. қазан – 2021 ж. ақпан – «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» ММ басшысының орынбасары;
- 2016 ж. желтоқсан – 2019 ж. қараша – «Астана Тазалық» ЖШС Бас директоры.

Қоғамның, бәсекелестері мен серіктестерінің акцияларына иелік етпейді.